

«І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ

«Университеттің халықаралық бәсекеге қабілеттілігі: ұлттық және әлемдік рейтингтердегі көрсеткіштер және оларды жетілдіру» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«25» желтоқсан 2025 ж.

Ғылыми кеңесте «Университеттің халықаралық бәсекеге қабілеттілігі: ұлттық және әлемдік рейтингтердегі көрсеткіштер және оларды жетілдіру» туралы қарастырылып, келесідей тұжырымдар шығарылды:

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті жыл сайын институционалдық және бағдарламалық деңгейдегі халықаралық және ұлттық рейтингтерге қатысады. 2025 жылы университет QS WUR: Asia-2026 рейтингіне қатысып, 851-900-орынды; QS WUR: Central Asia-2025 Орталық Азия университеттерінің рейтингі нәтижесі бойынша 49-орынды иеленді.

2025 жылы университет әлемдік университеттердің тұрақты дамуы мен институционалдық жетілдірілуін бағалайтын UI Green Metrics World University Ranking қорытындысы бойынша әлемдік ЖОО арасында 721-орынды, қазақстандық ЖОО арасында (қатысушы 30 университет ішінен) 7-орынды иеленді.

Times Higher Education әлемдік рейтингісі қорытындысы бойынша 2025 жылы Жетісу университеті «Reporter» (қатысушы) мәртебесін иеленді.

Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі IQAA Ranking (НАОКО) жүргізген 2025 жылғы институционалдық рейтинг нәтижелері бойынша университет Қазақстан Республикасының көпсалалы ЖОО арасында үздік 3-ке енді. Бакалавриат білім беру бағдарламаларының топтары бойынша IQAA (НАОКО) жүргізген рейтингке І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 11 ББ қатысып, нәтижесінде барлығы да үздік ондыққа енді.

IAAR (НААР) агенттігі жүргізген жоғары оқу орындарының институционалдық рейтингі нәтижелері бойынша университет ТОП-20 үздік ББ қатарына еніп, республика бойынша 11-орынды иеленді. Бакалавриат білім беру бағдарламаларының топтары бойынша І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 9 ББ қатысып, нәтижесінде 9-ы да үздік ондыққа ілінді.

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жүргізген бакалавриат білім беру бағдарламалары рейтингі нәтижелері бойынша 2025 жылы университеттің 10 білім беру бағдарламасы үздік 10-қа енді.

«Университеттің халықаралық бәсекеге қабілеттілігі: ұлттық және әлемдік рейтингтердегі көрсеткіштер және оларды жетілдіру» бойынша
Ғылыми кеңес шешімі:

1. QS рейтингісі бойынша университет позицияларын жоғарылату үшін арнайы жол картасы әзірленсін және оның іске асырылуы қадағалансын

(жауапты: Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету басқармасының басшысы; **орындалу мерзімі:** жол картасын бекіту 09.01.2026ж.; орындалуын қадағалау 30.06.2026 ж. дейін).

2. Университеттің ресми сайтына және ЖОО-ның әлеуметтік желілерінде жарияланатын барлық ақпараттардың ағылшын тіліндегі нұсқасының болуы, ресми сайтта құрылымдар қызметі бойынша орналастырылған барлық ақпараттардың ағылшын тіліндегі нұсқаларының болуы қамтамасыз етілсін (**жауапты:** Байланыс және имидждік саясат орталығының директоры, Процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімінің басшысы, барлық құрылымдық бөлім басшылары, факультет декандары; **орындалу мерзімі:** жыл бойы).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – цифрландыру және стратегиялық даму жөніндегі проректор Т. Жумагуловқа жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай

«І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ

«Педагогикалық білім беру бағдарламалары түлектерінің педагогтың оқу жетістіктерін бағалауға дайындығы» бойынша **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ**

Талдықорған қ.

«25» желтоқсан 2025 ж.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығына сәйкес педагогикалық бағыт бойынша білім алатын түлектер педагогтың білімін бағалау тестілеуінен, яғни оқу жетістіктерін сырттай бағалаудан өтуі тиіс. Аталған талап педагог кадрлардың кәсіби даярлық деңгейін арттыруға және білім сапасын тәуелсіз бағалауға бағытталған. Осы нормативтік талаптарды орындау мақсатында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық білім беру бағдарламалары түлектерін педагогтың оқу жетістіктерін бағалауға дайындау бойынша жол картасы әзірленіп, бекітілді. Жол картасына сәйкес дайындық жұмыстары жүйелі және кезең-кезеңімен іске асырылуда. Атап айтқанда: 2025 жылдың қыркүйек айында университет деңгейінде жол картасы бекітіліп, барлық факультеттер бойынша нақты жұмыс жоспарлары әзірленді; педагогикалық бағыттағы түлектер үшін кеңес беру кестелері бекітіліп, өткізілуде; базалық және бейіндік пәндер бойынша оқу әдебиеттері мен әдістемелік материалдардың тізбесі жасақталды; кафедралардың профессор-оқытушылар құрамы педагогикалық бағыттағы пәндер бойынша бақылау тапсырмаларын әзірлеп алдын ала тестілеу жүргізуде; алдын ала тестілеу нәтижелері факультеттер мен кафедра отырыстарында талданып, білім алушылармен жеке жұмыс жүргізілуде; түлектердің тестілеуге қатысуы тұрақты түрде бақылауда.

«Педагогикалық білім беру бағдарламалары түлектерінің педагогтың оқу жетістіктерін бағалауға дайындығы» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Педагогтың оқу жетістіктерін бағалаудан өтпеген білім алушылардың кеңес беру сабақтарына қатысуын қамтамасыз ету үшін өндірістік іс-тәжірибеге Талдықорған қаласының орта мектептеріне жіберілсін (**жауаптылар:** Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімі, факультет декандары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 01.02.2026ж.).

2. Білім алушыларды педагогтың оқу жетістіктерін бағалау тапсыруға дайындау бойынша жұмысты жетілдіру, түлектердің жауапкершілігін арттыру мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін (**жауаптылар:** Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімі, факультет декандары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б. Таубаевқа жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай

«І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ
«Университетте салауатты өмір салтын қалыптастырудағы спорт клубының қызметі
және оның нәтижелері» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«25» желтоқсан 2025 ж.

Ғылыми кеңесте «Университетте салауатты өмір салтын қалыптастырудағы спорт клубының қызметі және оның нәтижелері туралы» сұрақ қарастырылып келесідей тұжырымдар жасалды.

Университет спортклубы салауатты өмір салтын қалыптастыруда оқу үдерісін сапалы ұйымдастыруды, бұқаралық спортты дамытуды, сондай-ақ білім алушылардың дене белсенділігін арттыруды көздейтін кешенді жұмыстарды жүзеге асырып келеді.

2025–2026 оқу жылында спортклубтың штаттық және материалдық-техникалық әлеуеті оқу-жаттығу сабақтарын, спорттық секциялар мен жарыстарды толық көлемде өткізуге мүмкіндік беріп, дене шынықтыру пәні бойынша білім сапасы мен үлгерімнің жоғары деңгейде сақталуын қамтамасыз етті. Студенттердің спорттық секцияларға тартылу көрсеткіші жыл сайын өсіп, 2025–2026 оқу жылында күндізгі бөлім студенттерінің 23% құрады.

Университет студенттерінің халықаралық, Азия, республикалық және ведомстволық жарыстарда қол жеткізген жоғары нәтижелері, сондай-ақ ҚР жоғары оқу орындары арасындағы Универсиадада үздік 10 университеттің қатарына енуі спорттық даярлау деңгейінің артқанын айғақтайды. Сонымен қатар, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер арасында ұйымдастырылатын дәстүрлі спорттық іс-шаралар ұжымда дене белсенділігін арттыруға, корпоративтік мәдениетті нығайтуға және салауатты өмір салтын орнықтыруға оң әсер етуде.

Университеттің қолданыстағы спорттық инфрақұрылымы оқу және бұқаралық спорт жұмыстарын жүргізуге жеткілікті болғанымен, студенттер контингентінің жыл сайын өсуін ескере отырып, адаптивтік дене тәрбиесін дамыту, спорттық базаны кеңейту және спорттық жетістіктерді ынталандыру тетіктерін одан әрі жетілдіру қажеттілігі сақталуда.

«Университетте салауатты өмір салтын қалыптастырудағы спорт клубының қызметі және оның нәтижелері» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Адаптивтік дене тәрбиесі кабинетін ашу және қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз ету мәселесі қарастырылсын (**жауаптылар:** Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры, спортклуб төрағасы; **орындалу мерзімі:** 01.09.2026ж.).

2. 2027 жылғы XIV Жазғы универсиада жарыстарына қатысатын спорт түрлері анықталып, спортшыларды іріктеу жұмысы жүргізілсін (**жауапты:** спортклуб төрағасы; **орындалу мерзімі:** 01.12.2026ж.).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі - әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректор Б.А. Сериевке жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы

Е. Бурибаев

Г. Шүкенай



«І.ЖАНСУГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ

«Жасанды интеллект және виртуалды шындық зертханасының есебі»
бойынша

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«25» желтоқсан 2025 ж.

Ғылыми кеңесте «Жасанды интеллект және виртуалды шындық зертханасының есебі» тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

Жасанды интеллект және виртуалды шындық зертханасы оқыту, жасанды интеллектімен, виртуалды шындықпен жұмыс және виртуалды зертхана бағыттарында қызмет етеді.

Зертхана материалдық-техникалық тұрғыдан жабдықталған: студенттерді оқытуда қолданылатын компьютерлер, виртуалды шындық көзілдіріктері, виртуалды зертханалар, камералар, микрофондар және т.б. бар. Зертхана жүйелі түрде ғылыми жобалар байқауларына қатысады. 2025 жылы 2 жоба әзірленген, 2026 жылы ұсынылатын 2 жоба бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Жасанды интеллект және виртуалды шындық зертханасы виртуалды зертханаларды әзірлеуде және қолданыстағы виртуалды зертханалардың дерекқорын кеңейтуде. Қазіргі уақытта виртуалды зертханалар жасанды интеллект арқылы жасалуда. Жалпы алғанда, виртуалды зертханалар саны 15%-ға өскен. Қазіргі уақытта зертханада 20 виртуалды зертхана, сондай-ақ 750-ден астам симулятордан тұратын 40 виртуалды онлайн-зертхананың базасы бар.

Зертхана AI Sana бағдарламасының тікелей қатысушысы болып табылады. Зертхана негізінде екі жасанды интеллект агенті жасалған: бейнеконтентті жасау үдерісін автоматтандыруға арналған «Мультимедиа платформасы» және компьютерлік ойындарды әзірлеудің негізгі кезеңдерін автоматтандыруға арналған «AI Game Studio» платформасы.

«Жасанды интеллект және виртуалды шындық зертханасының есебі» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. 2026 жылы гранттық қаржыландыру конкурстарына кемінде 1 жобаға өтінім дайындалсын (**жауапты:** Жасанды интеллект және виртуалды шындық зертханасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** 01.10.2026ж.).

2. Виртуалды зертханалармен жұмыс жетілдірілсін, базасы толықтырылсын (**жауапты:** Жасанды интеллект және виртуалды шындық зертханасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** 01.07.2026ж.).

3. Зертхана қызметін жетілдіру мақсатында жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану тәжірибесі енгізілсін (**жауапты:** Жасанды интеллект және виртуалды шындық зертханасының меңгерушісі; **орындалу мерзімі:** 01.07.2026).

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай